

ISSN 1563-0285 • Индекс 75873; 25873



ӘЛ-ФАРАБИ атындағы  
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ  
УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ

AL-FARABI KAZAKH  
NATIONAL UNIVERSITY

# ХАБАРШЫ

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР ЖӘНЕ  
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚ СЕРИЯСЫ

## ВЕСТНИК

СЕРИЯ МЕЖДУНАРОДНЫЕ ОТНОШЕНИЯ  
И МЕЖДУНАРОДНОЕ ПРАВО

## BULLETIN

INTERNATIONAL RELATIONS AND  
INTERNATIONAL LAW SERIES

1(69) 2015

Байгісіев М.К.,  
Оспанбаев Ж.А.

**Әлемдік классика  
негізгі капиталға  
инвестициялау туралы**

Мақалада XX ғасырдың басы мен ортасындағы экон теория классиктері Дж. Кейнс, Р.Ф. Харрод, Д.Р. Хикс, Дж. және басқаларының идеялары мен тұжырымдарынан келіп капиталға инвестициялау мәселелері қарастырылады. Клас мектеп экономикасы жиынтық сұраныс – өндірістің ақше экономиканы толық жұмысбастылық деңгейінде ұстай күтілетін пайдалы сатуларды төмендетуге жылдам оғ бейімделеді деп тұжырымдайды. Дж. М. Кейнс аталған тү абсолютті шындық деп мойындаудан бас тартты және заңынан бас тартуының мәні осында. Кейнс көрсеткендей, табыстарға тең, басқаша айтқанда жинақтаулар инвестици дегеніміз экономикалық ресурстар өзінің толық қолданы үшін шығындар әрқашан жеткілікті дегенді білдірмейді.

**Түйін сөздер:** негізгі капитал, табыс, шекті тиімділік, и пайыз нормасы.

Baygisiev M.K.,  
Ospanbayev Zh.A.

**World classics of investment in  
fixed assets**

The article considers investment issues, in capital based o and concepts of classical economic theory of the beginning and the XX century, such as: J. Keynes, R.F.Horrod, D.R.Hiks, John and others. Classical school of economics suggests that aggregate - the monetary cost of production quickly and flexibly adapte ticipated reduction in profitable sales, thereby keeping the ecor employment. J. M. Keynes refused to accept this assumption truth and the essence of its denial of Say's law. As shown by I fact that the cost is equal to income, in other words, the accu equal to investment, does not mean that the cost is always eno to economic resources find their full application.

**Key words:** fixed assets, income, the marginal efficiency, rate of return.

Байгісіев М.К.,  
Оспанбаев Ж.А.

**Мировая классика  
об инвестировании  
в основной капитал**

В статье рассматриваются вопросы инвестирования исходя из идеи и концепции классиков экономической тео и середины XX века, как-то: Дж. Кейнса, Р.Ф. Хоррода, Д.Р. Робинсона и других. Экономика классической школы пре что совокупный спрос – денежная стоимость производс и гибко приспособляется к снижению ожидаемых п продаж, удерживая тем самым экономику на уровн занятости. Дж. М. Кейнс отказался признать данное пред абсолютной истиной и в этом суть его отрицание зако показал Кейнс, тот факт, что расходы равны доходам, ин накопления равны инвестициям, не значит, что расх достаточны, чтобы экономические ресурсы нашли се применение.

**Ключевые слова:** основной капитал, доход, эффективность, инвестиция, норма прибыли.

**ЭЛЕМДІК КЛАССИКА  
НЕГІЗГІ КАПИТАЛҒА  
ИНВЕСТИЦИЯЛАУ  
ТУРАЛЫ**

XX ғасырда экономикалық теорияға едәуір үлес қосқан атақты ғалымдар зерттеген проблемалардың әрқилы болуына қарамастан олардың еңбектерінің теориялық негізін экономикалық өсу және бәсекелестіктің кейнсиандық үлгісі құраған еді. Біз мұны олардың ғылыми шығармашылығына Дж.М. Кейнстің едәуір әсері болғанын қайсыбір еңбектерінде арнайы атап өтулерінен байқаймыз. Олар белгілі Кембридж, Гарвард экономикалық мектептерінің өкілдерінен құралған ғалым-экономистер шоғыры болатын.

Дж. Кейнс 1936 жылдың ақпанында жарық көрген өзінің атақты «Жұмыспен қамту, пайыз және ақшаның жалпы теориясы» еңбегін 1930 жылдардың бірінші жартысында жазып бітірді. Кейнстің теориялық жүйесіндегі басты мәселелер жиынтық сұраныс элементтері, соның ішінде, әсіресе негізгі капиталды инвестициялау болып табылады. Негізгі капиталды инвестициялау үдерістеріндегі өзгерістер нақты ұлттық табыс пен жұмыспен қамту деңгейлеріндегі өзгерістердің негізгі себебі болатындығы жан-жақты сараптау арқылы дәлелденген еді. Қисынды тізбек нәтижесінде рыноктық экономиканың ішкі тұрақсыздығы көрсетіліп, оның қалыпты жағдайының өзі мәжбүрлі жұмыссыздықпен сипатталатындығы анықталды. Сондықтан да рыноктық шаруашылықтың макроэкономикалық қызметі мемлекеттік бақылауды қажетсінеді.

Адам ақша инвестициялаған кезде шығарылатын өнімді сатудан ағымдағы шығындарды шегергеннен кейінгі алынатын болашақ табыстарды немденуге құқылы. Бұл табыстарға ол мүлікті пайдалану мерзімі барысында қол жеткізуге тырысады. Дж. Кейнс бұл жылдық табыстар қатарын  $Q_1, Q_2, \dots, Q_n$  деп белгілеп, инвестициядан күтілетін табыстар деп атайды. Инвестициядан күтілетін табыстарға қарама-қарсы күрделі мүліктің ұсыныс бағасын осы сәтте рыноктан сатып алынатын мүліктің рыноктық бағасы деп емес, осы мүліктің қосымша бірлігін шығаруға өндірушіні ниеттендіруге жеткілікті баға деп түсініп, оны мүліктің орнын толтыру құны деп атайды. Күтілген табысты күрделі мүліктің ұсыныс бағасымен немесе орнын толтыру құнымен байланыстыратын қатынас, яғни күрделі мүліктің осы түрінің қосымша бірлігі әкелетін күтілген табыс пен осы бірлікті өндіру бағасы арасындағы қатынас капиталдың осы

түрінің шекті тиімділігін көрсетеді. Дәлірек айтқанда дейді Дж. Кейнс «Мен капиталдың шекті тиімділігін күрделі мүліктен қызмет мерзімі барысында күтілетін табыстарды бірқатар жылдық табыстардың қазіргі құнын оның ұсыныс бағасымен теңдестіре алатын есептеу ставкасының мөлшері деп санаймын. Осылайша біз күрделі мүліктің жекелеген түрлерінің шекті тиімділігін анықтай аламыз. Бұл шекті тиімділіктердің ең үлкенін бүкіл капиталдың шекті тиімділігі ретінде қарастыруға болады»[1].

Бұл жерде капиталдың шекті тиімділігі күтілетін табыс және күрделі мүліктің ағымдағы ұсыныс бағасы негізінде анықталып отыр. Ол мүліктің қызмет мерзімі соңында оның бастапқы құнына қатысты инвестициялаудың нәтижесінен емес, жанадан өндірілген мүлікке ақша салудан түсетін табыс нормасына тәуелді.

Егер уақыттың қайсыбір кезеңі барысында капиталдың бір түріне инвестиция көбейген болса, онда инвестиция өскен сайын оның шекті тиімділігі кемі түседі – оның бір себебі капиталдың осы түрінің ұсынысы өскен сайын күтілетін табыс құлдырайды, тағы бір себебі тиісті күрделі игіліктер өндірісі қуаттарына көбірек салмақ түссе, олардың ұсыныс бағасы да жоғарылай түседі. Уақыттың қысқа аралықтарында тепе-теңдікті орнықтыру үшін көрсетілген екінші фактор маңызды, бірақ ұзақ кезеңдерді қарастыратын болсақ, бірінші фактордың маңыздылығы арта түседі.

Ағымдағы инвестициялардың нақты мөлшері, шекті тиімділігі ағымдағы пайыз нормасынан аспайтын күрделі мүліктің ешқандай түрі қалмағанға дейін өсуге ұмтылады. Басқаша айтқанда, инвестицияның мөлшері жиынтық капиталдың шекті тиімділігі рыноктық пайыз нормасына тең болғанға дейінгі инвестициялық сұраныстың графигі нүктесіне қарай жылжи береді.

Бұдан шығатыны инвестициялауға ниет жартылай инвестициялық сұраныс графигіне тәуелді болса, жартылай пайыз нормасына тәуелді болып келеді.

Шекті өтімділік немесе табыс, тиімділік немесе пайдалылық – капиталдың біз жиі пайдаланылатын терминдері осылар.

Ең кем дегенде Кейнстің пікірінше, «мұнда түсініксіз үш пункт бар. Біріншіден, әңгіме қосымша натуралды бірліктегі капиталды пайдалануға байланысты натуралды мәндегі өнімнің нақты бірлігіндегі өсімі туралы болып отыр ма, жоқ әлде пайдаланылатын капиталдың қосымша бірлігінің құндылығы жоғарылауымен байланысты өнім құндылығының өсімі туралы ма?

Бірінші жағдайда, капиталдың натуралдығын анықтау кезінде қиыншылықтар туады. Шіден, капиталдың шекті тиімділігі қандай масын абсолютті шама болып табыла ма сұрақ туындайды немесе мүмкін ол арака түрінде көрінетін шығар. Егер оның астарғы мәніне зер салатын болсақ және оны нормасындай шама ретінде қарастырсақ, оны арақатынас деп есептеуге болады. болғанның өзінде, бұл қандай екі шаманы қатынасы екендігі түсініксіз»[2].

Ең соңында, ескерусіз қалдырылса б: де үлкен шатасулар мен түсініксіздіктерді дататын ерекшеліктер бар – ол қалыптасқа дайда қосымша капиталды пайдалану а алынатын құндылықтың өсімі мен қосымша делі мүліктердің қызмет етуінің толық а бойынша алынатын бірқатар өсімдер арағы айырмашылық, яғни  $Q_1, Q_2, \dots, Q_n, \dots$  арағы айырмашылықтар. Мұның өзі эконом теориядағы жорамалдардың рөлі туралы проблеманы көтереді. Капиталдың шектілігі туралы пікірталастардың көпшілігі ден басқа көрсетілген қатардың ешқай ешқандай назар аударылмай келеді. Ег барлық жағдайда бірдей болатын статист теория шеңберінде қалғамыз келмесе, а қалпында қалдыруға болмайды. Капит ағымдағы уақыт кезеңінде өзінің шект алады деген бәлу теориясында қабылді гнда қозғалыссыз жағдайда бейімделі солай түсіндірілгенде ғана шындыққа ды. Капиталдан түсетін ағымдағы жиі быстың оның шекті тиімділігіне тікеле жоқ. Сонымен берге, капиталдың шект иен түсетін ағымдағы табыс (яғни өні сы бағасын анықтауға қатысатын кә табыс) пайдаланудың шекті шығында болады және мұның да капиталдың ш ділігімен тікелей байланысы жоқ.

Дж. Кейнс ұсынған анықтама А. 1 дың пікірлеріне өте жақын тұр деп есе лады. А. Маршаллдың өзі өндіріс фа «шектегі таза тиімділігі» деген түсінік ган немесе басқаша айтқанда капитал пайдалылығы деп атауға әбден болады шалдың пікірінше: «Қандай болмас қада құны 100 фунт стерлинг тұратын машиналарды қолдану арқылы осы м дың амортизациясын шегере отырып шығын шығармай-ақ фабрикаға жыл сымша 3 фунт стерлинг таза түсімді к етуге болады. Егер инвесторлар жоқ табу есебімен капиталын өзі қалағар

болса және осы атқарылып, тепе-теңдік ырылғаннан кейін түскен табыс осы ма-рды қолдану бойынша шығындарды дәл-жабады, олай болса біз бұдан пайыздың қ нормасы 3% деген қорытынды шығара-рақ мұндай мысалдар құнды анықтайтын штердің бір бөлігіне ғана тән. Оларды теориясында да, жалақы теориясында да анықтау шыға алмайтын шеңберге түс-бірдей мүмкін емес [3].

р осы пайымдаулар тізбегімен жүре бер-ан мәнiде пайыз нормасы қанша болуы деген анықтаманы іздеу жолында шыға-ын шеңбердің ішінде қалатынымызды шалл жақсы түсінген.

италдың шекті тиімділігі ұғымының мәні-ғынасы туралы мәселедегі ең үлкен шата-і тиімділік көрсеткіші капиталдың ағым-айтарымына емес, капиталдың күтілетін-а тәуелді екендігі фактісін түсінбеуден-ш отыр. Мұны дұрыстап көрсету үшін-лдың шекті тиімділігіне болашақта күті-ндіріс шығындары өзгерістерінің – мейлі-ек бағасының өзгеруі нәтижесінде пайда-н (яғни жалақы бірлігінде) немесе техно-ны жаңғырту мен қайта құру нәтижесінде-і болсын, тигізетін әсерін көрсету арқылы-а болады. Ал, жаңа жабдықтар болса өнді-і өнімінің бағасы тиісті деңгейге төменде-тейін қосымша үлкен мөлшерде көбейтіліп-за береді. Бұдан басқа, жабдықтардың ес-е, жаңасын ба пайдаланудан түсетін кәсіп-і пайда (ақшалай), егер бұл жабдықтарда-өнім шығарылатын болса төмендетілетін-ы. Осындай өзгерістердің ертерек қолға-ың жоғары немесе төмен ықтималдығына-нысты қолданыста бар капиталдың шекті-лігі керісінше кеми түседі.

ұның өзі ақшаның құндылығының өзгері-ніндегі болжамдардың ағымдағы өндіріс-іне әсер ету факторы болып табылады.-ның құнсыздануы туралы болжам инвес-ларды ынталандырады және соған сәйкес-а жұмыспен қамтуды жоғарылатады, себе-капиталдың шекті тиімділігі графигін жо-жылжытады, яғни бұл инвестициялық сұ-графигі жоғарылай түседі деген сөз. Ақша-дың жоғарылауы туралы жорамалдың күй-і әсері де бар, себебі ондай жорамал капи-ң шекті тиімділігі графигінің төмен жыл-а едәуір ықпал етеді.

лашақта орын алатын ақша құнының өзге-ін капиталдың қолда бар қорының шекті-лігі емес, оны бірінші болып пайыз нары-

ғы сезеді деген жорамал да қателік болып табы-лады. Қолданыстағы активтердің әрқашан ақша-құнының болашақта күтілетін өзгерістеріне ав-томатты түрде жаңасы кетеді. Мұндай күтілетін-өзгерістердің маңыздылығы олардың жаңа ак-тивтерді өндіруге дайындыққа әсерінде (капи-талдың шекті тиімділігі арқылы) болса керек. Бағалардың күтілетін өсуінің ынталандырушы-әсері осыған байланысты пайыз қойылымының-жоғарылауымен емес, осыған байланысты капи-талдың қолда бар қорының шекті тиімділігінің-жоғарылауы негізінде мүмкін болады. Егер пай-ыз нормасы капиталдың шекті тиімділігімен ка-тар жоғарласа баға өсуін күту ешқандай да ынтал-андырушы әсер етпес еді. Өндірісті кеңейтуге-ынталылық пайыз нормасына қатысты капитал-дың шекті тиімділігінің өсуімен анықталатыны-даусыз.

Пайыз нормасының төмендеуін күту капи-талдың шекті тиімділігі графигіне төмендеткіш-әсер етеді, себебі қолда бар жабдықта өндіріл-ген өнім осы жабдықтың қызмет мерзімі бір-бөлігінің ұзақтығы бойынша оның таза түсімі-кем болғанның өзінде тиімділігі жоғары жаб-дықтарда өндірілген өніммен бәсекелесе алуы-тиіс. Көрсетілген күтулердің аса көп күйзелісті-әсері болмайды, себебі әртүрлі мерзімдегі займ-дар бойынша болашақ пайыз мөлшерлемелері-туралы түсініктер қолданыстағы мөлшерлемелер-жиынтығынан да өз көрінісін табады. Деген-мен, кейбір күйзелісті әсердің болуы да мүмкін,-өйткені қолданыстағы жабдықта оның қызмет-мерзімі соңына қарай шығарылған өнімнің жа-на жабдықта шығарылған өніммен бәсекеле-суіне тура келеді. Ал, жаңа жабдықта өндірілген-өнім қазіргі қолданыстағы жабдықтың қызмет-мерзімі аяқталған соң да пайыз нормасы төмен-деуіне сәйкес табыс нормасы жоғарылаған кезде-де өнім шығаруды жалғастыруы әбден ықтимал-жағдай болып табылады.

Капиталдың қолда бар қорының шекті тиім-ділігінің күтулердегі өзгерістерден тәуелділігін-түсіну маңызды, өйткені дәл осы тәуелділіктің-өзі капиталдың шекті тиімділігін қатты тербеліс-терге ұшыратады да, экономикалық циклдарды-түсінуге мүмкіндік береді.

Инвестиция көлеміне әсер ететін, кейде ша-тастырылатын, бірақ ажыратылуы қажет тәуе-келдің екі түрі белгілі. Оның біріншісі – күтіл-ген табысқа қолының жетер-жетпесіне күдігі-бар кәсіпкердің немесе қарыз алушының тәуекел-і. Егер адам картаға өзінің меншікті ақшасын-салатын болса, онда әңгіме тәуекелдің дәл осы-түрі туралы. Ал ақшаны қарызға және несиеге

беретін жүйеде тәуекелдің екінші түрі орын алады, оның қарыз берушінің тәуекелі деп атаймыз. Бұл тәуекел қарыз алушының адалдығына күдіктенумен байланысты болуы мүмкін, яғни әдейі ұйымдастырылған банкроттық қауіп-қатерден немесе міндеттемесін орындаудан жалтару әрекетімен немесе қарыз алушының өзін ақтамаған есептеулерінен немесе қарыздың орнын толтыру көлемінің жеткіліксіздігінен туындайтын амалсыз банкроттық қатерлермен байланысты болуы мүмкін. Бұл қатарға тәуекелдің тағы да үшінші түрін қосуға болар еді – ол ақшалай қарыздың нақты мүлікпен салыстырғандағы сенімділігі төмендеу екендігіне байланысты тәуекел және ақша стандарты бірлігінің ықтимал құнсыздануы қаупінен пайда болатын тәуекел. Дегенмен, мұндай қатердің орны толығымен немесе толықтай дерлік ұзақ пайдаланылатын мүлікпен толтырылуы тиіс.

Байқасақ, тәуекелдің бірінші түрі белгілі мағынада қоғамдық қажетті шығындар түрінде көрінеді екен, соның өзінде де оларды тәуекелдіктерді өзара теңестіру жолымен де, жорамалдың дәлдігін жоғарылату жолымен де төмендету мүмкіндіктері бар. Ал, тәуекелдің екінші түрі кредитор мен қарыз алушы бір тұлға ретінде көрінген жағдайда орын алмайтын инвестиция құнына таза қосымша болып табылады. Егер қолға алынып отырған іс тәуекелді болса, онда қарыз алушы күтілетін табыс пен қарыз алу үшін тиімді деген пайыз нормасы арасындағы айырмашылықтың едәуір қашықтығын қалаған болуы еді. Сонымен бірге дәл осы себептің өзі қарыз берушіні берген қарыз ақшасының көбірек пайда әкелуін көздеген пайыз таза пайыз нормасына қарағанда оның тағайындаған ставкасының жоғарылау болуына итермелейді. Қарыз алушының тәуекелді теңестіретін ұтымды нәтижесіне деген үміті қарыз берушіге ешқандай жұбаныш бола алмайды.

Капиталдың шекті тиімділігі графигінің іргелі маңызы бар, себебі негізінен осы фактор арқылы (пайыз нормасынан едәуір артық) жорамалданған болашақ, қазіргі ағымдағы жағдайға әсер етеді. Капиталдың шекті тиімділігін күрделі жабдықтардан түсетін ағымдағы табыс деп қате анықтау осы шақпен болар шақтың теориясы байланыстарының бұзылуына алып келеді.

Белгілі ағылшын ғалымы Р.Ф. Харрод мультипликатор тұжырымдамасын сыртқы саудаға қатысты дамытты, сондай-ақ экономикалық циклға кейнсиандық түсіндірме бере отырып, оның себептерін мультипликатор мен акселератордың өзара әрекеттесуінен тапты. Р. Харрод

өзінің «Экономикалық динамика теориясы ралы» еңбегінде «...дегенмен Кейнстің «Жалпы теориясында» басты рөлді статикалық ұғым атқарады, сондықтан да «Жалпы теория динамикамен байланыстырылғанға дейін қанағаттандыра алмайды. Көптеген экономикалық статика теориясына тануға құмартқан шектеу өздерінің мағынасыздығымен мені таң қалды. Ал, шын мәніндегі түбегейлі шектеулер бірақ олар танымал емес. «Жалпы теорияда» кен рөл атқаратын оңды жинақ өзінің мән-мұны бойынша динамикалық ұғым болып табылады», – деп қорытты [4].

«Американдық Кейнс» атанған Гарвард университетінің профессоры Элвин Хансен әле танымалдыққа 1951 жылы жарияланған «Экономикалық циклдар және ұлттық табыс» еңбегі арқылы жетті. Сараптаудың кейінгі сипаттауы тереңдету арқылы Э. Хансен Дж.М. Кейнсті көптеген қорытындыларын толықтырып, істейтіндей түсті. «Ұлттық табысты жан-жақты зерттеу қазір дәстүрлі кейнсиандық көзқарас деп саналатын жинақ және инвестиция тұжырымдамасына да дамыта түседі. Таза инвестициялар деңгейі анықтайтын факторлар капиталдың шекті тиімділігі, жаңашылдық, біліктілік деңгейі, күш сияқты факторлардан құралады» [5].

Атақты «Кембридж мектебінің» түлегі мақтаншы Джон Вайолет Робинсон 1936 жылдан кейін А. Маршаллдың ең сенімді ізбасары болды, ал одан кейін кейнсиандықтың ең жал жақтасты болды, ал кейін неорикардияндық неокейнсиандық мектеп көшбасшыларының бірі болды. 1956 жылы Дж. Робинсон өзінің басты шығармасы «Капиталдың қорлануы» кітабын жариялады. Бұл шығарма Кейнс теориясының мерзімді өсу және капиталдың қорлануы мәселерімен толықтырды. «Біз, – дейді Дж. Робинсон – бизнесменнің капиталға алған пайда нәтижесі туралы айтқанда пайда мен капиталды ақшалар ретінде қарастыруға үйреніп алды. Капитал инвестицияланбаған қаржы шағын несменнің таза түсімінің ақшалай сомасы сәйкес ақша сомасы болып табылады. Бірақ, бұл ұғым ағым бойынша бірдей емес. Капитал сомасы ретінде қалыптасқанда пайда қосылса сала қоймады. Пайда жасалғанда капитал болудан қалып, зауытқа айналып кетеді. Пайда ұғымның құнын оның бастапқы бағасынан анықтауына себепкер кез келген жағдай туындауы кін. Сонда, біз бағаның күтілмеген құлды жағдайындағы немесе зауытты инвестиция қолға алынған кездегі зауыттың қарамалы қалған капиталды қалайша қарастыруымыз

жес?» [6]. Дж. Робинсон сөздерінің мәні мынада: капиталдың құндық шамасын тап басып, анықтау мүмкін емес. Оның өзгерістерінің себептері әртүрлі, сондықтан құны бойынша капиталды санау арқылы өлшейтін бірлікті табу мүмкіндіктері жоққа тән.

Әлемдік экономика классиктерінің XX ғасырдың бастауындағы ойшыл тұжырымдары бүгінгі күні де өздерінің көкейкестілігінен айырылған жоқ. Бұған мысал ретінде АҚШ Феде-

ралды Резервінің, Еуроодақ орталық банкінің капиталға инвестициялауды қолдауға бағытталған пайыз мөлшерлемелерін төмендету арқылы сандық жұмсарту, жеңілдету шараларын айтсақ жеткілікті. Өңгіме экономикалық теория классиктерін айна-қатесіз қайталауда емес, өңгіме олардың іргелі идеялары мен тұжырымдарын басшылыққа ала отырып бүгінгі қаржы-экономикалық болмыс тәжірибесінде шығармашылықпен қолдануда болса керек.

#### Әдебиеттер

- 1 Кейнс Дж. Общая теория занятости, процентов и денег. – М: Дело, 2001. – С.158-159.
- 2 Кейнс Дж. Общая теория занятости, процентов и денег. – М: Дело, 2001. – С.183-186.
- 3 Marshall A. Principles of Economics (Принципы экономики). – М: Мысль, 1986. – С.116-117.
- 4 Horrod R.F. Towards and Dynamic Economics. – London: Macmillan & Co, 1964. – p.47-48.
- 5 Hansen E. Business Cycles and National Income. – М: Дело, 1986. – С.96-97.
- 6 Robinson J. The Accumulation of Capital. – М: Мысль, 1986. – С.81-82.

#### References

- 1 Kejns Dzh. Obshhaja teoriya zanjatosti, procentov i deneg. – М: Delo, 2001. – S.158-159.
- 2 Kejns Dzh. Obshhaja teoriya zanjatosti, procentov i deneg. – М: Delo, 2001. – S.183-186.
- 3 Marshall A. Principles of Economics (Principy jekonomiki). – М: Mysl', 1986. – S.116-117.
- 4 Horrod R.F. Towards and Dynamic Economics. – London: Macmillan & Co, 1964. – p.47-48.
- 5 Hansen E. Business Cycles and National Income. – М: Delo, 1986. – S.96-97.
- 6 Robinson J. The Accumulation of Capital. – М: Mysl', 1986. – S.81-82.

<i>Баймағамбетова З.М.</i> Сравнительный анализ теоретических концепций в определении унификации права международной торговли.....	11
<i>Апенев С.М.</i> Научная обоснованность уголовно-правовой нормы как условия их эффективности (или теоретические и практические вопросы классификации форм соучастия).....	11
<i>Ногаева А.М.</i> «Ұлы күш» ұғымы және күштердің дамуы .....	11
<i>Утегенова А.Р.</i> Концептуальные основы внешней политики России на современном этапе .....	11

**4-Бөлім      Раздел 4**  
**Сыртқы саясат мәселелері      Вопросы внешней политики**

<i>Кузубаева А.Б.</i> Қазіргі кезеңдегі Қазақстан – АҚШ қатынастарының кейбір мәселелері.....	11
<i>Алтығыз Р.</i> Пекин-Вашингтон: экономическая взаимозависимость .....	11
<i>Әлімбаев А.Р., Әби Ж.</i> Қазақстан және Қытай: қазіргі таңдағы трансшекаралық өзен проблемасы .....	11
<i>Мақашева К.Н., Идрисова Ж.Қ.</i> Ресей мен Венесуэла арасындағы ынтымақтастық және оның ерекшеліктері.....	11
<i>Сарыбаев М.С.</i> Из истории инвестиционных отношений между РК и странами Восточной четверки (2000-2010 гг.).....	11
<i>Божасева Б.З., Мырзахметова Г.Ж.</i> Экологиялық мәселелердің шешуге қатысты Орталық Азия елдерінің ынтымақтастығы .....	11
<i>Мырзабеков М.С., Айдабосын С.Н.</i> Бірінші Орталық Азия идеясын іске асыру мүмкіндіктері мен кедергілері және Қазақстан ұстанымы .....	11

**5-Бөлім      Раздел 5**  
**Әлемдік экономика мәселелері      Вопросы мировой экономики**

<i>Елемесов Р.Е., Орташ А.О.</i> Введение в экономическую глобалистику: продовольственная проблема.....	11
<i>Кокорев Н.А., Мырзахметова А.М.</i> Глобальные проблемы и их влияние на мировую экономику.....	21
<i>Байтисев М.Қ., Оспанбаев Ж.А.</i> Әлемдік классика негізгі капиталға инвестициялау туралы .....	21
<i>Медуханова Л.А., Серикбаева А.Е.</i> Проблемы и перспективы участия Китая на мировых финансовых рынках .....	21
<i>Махмеджанова М.Л., Ишисова Н.</i> Ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігі: проблемасы және шешу жолдары .....	21

**6-Бөлім      Раздел 6**  
**Халықаралық құқық мәселелері      Проблемы международного права**

<i>Сабитенов С.Н.</i> Сотрудничество государств в сфере защиты прав человека в условиях интеграционного процесса .....	21
---	----